

# ТАҚЫРЫБ

**XVIII ғ. Соңы XX ғ. басындағы философия**  
**Орыс философиясы және оның ерекшеліктері**  
**Қазіргі заманғы Батыс философиясының негізгі бағыттары. С.**  
**Кьеркегор: Үрей ұғымы. Л.Витгенштейн: Тіл және нақты дүние.**  
**Хайдеггер, Сартр, Гуссерль, Дерридо философиясы**

Орындаған: Даулетова Т.М  
Тобы: 2-021 ЖМФ  
Тексерген: Мирзабекова А.Ш

# Жоспар

- **Кіріспе**

- **Негізгі бөлім**

1. Орыс философиясының басты ерекшеліктері
2. Көрнекті өкілдері
3. Батыс философия

- **Қорытынды**

- **Қолданылған әдебиеттер**

# Орыс философиясының қалыптасуы мен дамуының кезеңдері

- 1. ежелгі орыс және ежелгі христиандық философияның пайда болу кезеңі (Киевтік Русь) (IX-XIII ғғ.);
- 2. моңғол — татар шапқыншылығы кезінде туып, орталықтандырылған орыс мемлекеті тұсында дамыған философия (Москвалық Русь және Ресей) (XIII-XVIII ғғ.);
- 3. XVIII ғ. философиясы;
- 4. XIX ғ. философиясы;
- 5. XX ғ. кеңестік философиясы;

## Орыс философиясының алғашқы кезеңіндегі (IV.-XIII ғғ.) бағыттар мен өкілдері

Ежелгі орыс және ежелгі христиандық философияның қалыптасуы IX-XIII ғасырларға сәйкес келеді (Ежелгі Русь мемлекеті - Киевтік Русьтің пайда болу дәуірінен -феодалдық бөлініс және моңғол -татар шапқыншылығына дейінгі уақыт аралығы).

Бұл кезеңдегі орыс философиясының негізгі тақырыптары:

1. адамгершілік және моральдық құндылықтар;
2. христиандықты уағыздау, христиандықты мәжусилікпен біріктіруге талпыныс;
3. мемлекет;
4. құқық;
5. табиғат;

# Орыс мәдениетінің өзіндік ерекшеліктері мынада:

Орыс мемлекеті  
Батыс пен Шығыс  
өркениеттерінің қиылысу  
кеңістігінде орын тепкен.

Ресей әруақытта көп ұлтты,  
көп мәдениетті құрылым,  
бірақ оларды біріктіретін,  
бір – біріне етене жақын  
ететін негіз де болған.

Өзінің дамуында ұзақ уақыт  
артта қалушылық пен қуып  
жетушілікті басынан  
кешіргендіктен, Ресей бөтен  
идеялар мен үрдісті тез  
қабылдауға ғана емес, оны өз  
жағдайына лайықтап өзгертуге,  
дамытуға мүмкіндік беретін  
сирек қабілеттілікке ие болды.

Орыс мәдениеті  
көптеген Батыс  
және Шығыс  
мәдениеттерінен  
кейін қалыптасқан,  
ал ХІХ ғасырдан  
бастап өзі де басқа  
елдерге ықпал ете  
бастаған.

Еркіндіктің  
дамуы үшін  
маңызды сала  
– рухани сала  
болды.

# Алғашқы кезеңнің көрнекті өкілдері:

- Иларион христиандықты, оның сол кездегі және келешектегі рөлін таңдайды, насихаттайды.
- Владимир Мономах — ізгілік пен зұлымдық мәселесі, адалдық, батылдық, ұстамдылық, т.б. мораль - адамгершілік сұрақтары талданып, келер ұрпаққа уағыз айтылатын философиялық моральдық - адамгершіліктік кодекс секілді шығарма;
- Климент Смолягич негізгі шығармасы "Пресвитер Фомаға жолдама" философияның басты тақырыбы: ақыл, таным мәселелері қарастырылады.
- Филипп Пустынниктің негізгі еңбегінде ("Плач") - жан мен дене, тәндік (материалды) және руханилық арақатынасы талданады.

## ХШ-ХУІІ ғғ. Аралығындағы орыс философиясы

Моңғол-татар шапқыншылығынан азаттық үшін күрес, орталықтанған Орыс мемлекетінің (Московская Русь) қалыптасу және даму кезеңі тарихта да, философияда да ХШ-ХУІІ ғасырларға тура келеді.

Бұл кезеңге тән философияның басты тақырыптары:

1. орыстық руханиятты сақтау;
2. христиандық;
3. азаттық үшін күрес;
4. мемлекет құрылысы;
5. таным;

Бұл кезеңнің көрнекті өкілдері:

- Сергей Радонежский (XIV ғ.) - күш - қуат, христиандық универсалдылық пен әділет, орыс халқының консолидациясы, моңғол - татар шапқыншылығынан азаттық идеяларын насихаттаған құдайтанушы;
- Философий (XVI ғ.) - христиандық құдайтану, сұрақтарымен айналысты, Рим - Константинополь - Москва бағыты бойынша ("Москва - Үшінші Рим") христиандық сабақтастық идеясын жақтады;
- Максимилиан Грек (1475 - 1556) - моральдық - адамгершіліктік құндылықтарды: кішіпейілділікті, қарапайымдылықты, аскетизмді насихаттады; халыққа қамқорлық пен әділетті көздейтін монархия және патшалық биліктің идеологы болды;

# **Орыс философиясының дамуында мынадай ерекше тарихи кезеңдер болған.**

**1 кезең** – Ресей философиялық ойлауының қалыптасуы мен дамуы – XI-XVII ғасырлар.

**2 кезең** – орыстың қайта өркендеу философиясы – XVIII-XIX ғасырлардың басы.

**3 кезең** – XIX ғасыр мен XX ғасырдың басындағы философия

**4 кезең** – кеңес дәуіріндегі орыс философиясы


# Орыс философиясына мынадай ерекшеліктер тән:

- діни ықпалдың, әсіресе православие ықпалының молдығы;
- философиялық ойлар мен ізденістердің көркем шығармашылық, әдеби сын, публицистика, өнер түрінде берілуі;
- біртұтастық, яғни орыс ойшылдарының бәрлігі дерлік жеке проблемамен емес, өзекті мәселелердің кешенді жүйесімен айналысқан;
- мораль және адамгершілік мәселелерінің үлкен маңызы;
- нақты;
- көп адамдарға таныстығы.



# Н.А.Бердяев философиясының негізгі ...

- Категориясы – “еркіндік”;
- Болмыстық категориясы – “Адам”;
- Тарих категориясы – “уақыт”;
- Тарихты талдау категориялары – “Мәдениет” және “Өркениет”;
- Бердяев философиясының мәні – болмыс пен субъект, яғни адам арқылы тану.



# XVIII ғасырдағы орыс философиясы

XVIII ғасырдағы орыс философиясының дамуында екі басты бағыт қалыптасты:

1. Петрлік реформалар дәуіріндегі философия;
2. XVIII ғасырдың ортасы мен екінші жартысындағы материалистік философия.

Петрлік реформалар дәуіріндегі философия өкілдері:

1. Феофан Прокопович;
2. В.Н.Татищев;
3. А.Д.Кантемир.

Бұл кезеңде қарастырылған философиялық сұрақтардың сипаты — саяси - әлеуметтік:

1. монархия, мемлекет құрылысы;
2. империялық билік, оның күдіреттілігі мен бұлжымастығы;
3. империалистер құқықтары (жазалау, рақым білдіру, мұрагер тағайындау, т.б.);
4. соғыс және бейбітшілік;
5. таным сұрақтары;
6. адами құндылықтар;

- Феофан Прокопович
- В.Н.Татищев
- Дмитрий Кантемир (1673-1723) - Молдаваның билеушісі болған философ, жазушы, тарихшы және шығыстанушы. 1711 жылы Ресейге келіп, I Петрдің саяси кеңесшісі болды. Берлин академиясының мүшесі (1714)

# XIX ғасырдағы орыс философиясы

XIX ғасырдағы орыс философиясының басты бағыттары:

1. декабристер философиясы;
2. батысшылдар мен славянофилдер философиясы;
3. Чаадаевтың тарихи философиясы;
4. консервативті діни және монархиялық философия;
5. Ф.М.Достоевский философиясы;
6. Л.Толстой философиясы;
7. революцияшыл-демократтық философия;
8. либералды философия.

Декабристік философияны И.Якушкин, М.Лунин, И.Киреевский, В.Кюхельбекер, т.б. шығармашылықтары құрайды.

Декабристік философияның сипаты - саяси - әлеуметтік.

Негізгі идеялары:

табиғи құқық;

Ресей үшін құқықтық құрылыстың аса қажеттілігі;

крепостнойлық құқықты жою және жерді жермен жұмыс істеушілерге беру;

адамның жеке бас бостандығы;

самодержавиені заңмен, өкілетті органдармен шектеу немесе республикамен амастыру.

# **П.Я Чаадаев (1794-1856) тарих философиясын дамытты. Оны адам және қоғам философиясы қызықтырды.**

Чаадаевтың пікірінше, адам - материалдық және рухани субстанцияның бірлігі. Адам өзін тек ұжымда ғана адам ретінде сезіне алады. Туғанынан өмірінің соңына дейін ұжымда өмір сүретін болғандықтан, адам онда тұлға ретінде өсіп жетіледі. Ұжымдық өмір - адамның басқа тіршілік иелерінен ең негізгі айырмашылығы. Чаадаев менмен жекешіл эгоизмнің барлық түріне қарсы шықты.


Ойшылдың пікірінше, тарихи процесс құдайдың көріп келдігіне сүйенеді. Құдай еркінің шынайы көрінісі – христиандық дін.



# **XIX ғасырдың философиялық дамуы либералды бағытпен аяқталады. Оның көрнекті өкілі В.С.Соловьев (1853-1900).**

*Оның негізгі философиялық идеялары:*

- бүкіл бірлік идеясы – материалдық және рухани болмыстың бірігуі мен үйлесуі;
- адам өмірінің бастапқы қыры адамгершілік, оның төменгі деңгейі – құқық, жоғарғы деңгейі – сүйіспеншілік;
- барлық ұрпақтардың өзара байланысына негізделген прогресс идеясы;
- игіліктің көрінісі болатын Құдай идеясы;
- өмір жолы құдай, адамгершілік, игілік құндылықтарына құрылған «құдайдан адам идеясы»;
- жалпы Құдай даналығы – София идеясы;



## ***XX-ғасыр Батыс философиясының қалыптасуы шарттары туралы айтсақ:***

**1) XX-ғасырда Европа басынан кешкен тарихи-әлеуметтік өзгерістер әсіресе бірінші және екінші дүние жүзілік соғыстар қоғам мүшелерінің бойында үрей мен қорқыныш, адамзат пен жеке адамның болашағына деген сенімсіздік туғызды;**


**2) Қоғам дамыған сайын оның өміріндегі қарама-қайшылықтар күшейе түсіп, адамзат пен өркениеттің алдында шешімі қиын, жаңа діни ұлттық, этникалық мәселелер пайда болды, оларды шешуге дәрменсіз қоғамды дағдарыс жайлады;**

**3) Бұл қоғамдық дағдарыс жеке адамның жаттануы мен өгейсінуін туғызды, себебі қоғам тұлғаның ішкі дүниесі мен оны мазалаған мәселелер туралы бас ауыртпады;**

**4) Бұрынғы философиялық жүйе XX-ғасыр адамын толғантқан сұрақтарға жауап беруге қабілетсіз еді, «Жалпы адам дегеніміз не?» деген сұрақпен шектелмей, «Мен кімін?» сауалын қоятын философиялық бағыттарға қажеттілік туды.**

# С.Кьеркегор: Үрей ұғымы

Өмір философиясының негізін салушы – дат философы С.Кьеркегор (1813 -1855). Дүниенің бастауы ретінде сананы емес, уайым-қайғыға толы экзистенциалдық ішкі сезімдерді қарастыруды ұсынды. Оның ойынша, адамның шын болмысын пайымдау арқылы емес, адамның бойындағы «үрей», «қорқыныш» сезімдеріне үңілу арқылы ашуға болады, ақиқат дегеніміз – субъективтілік. Философия таңданудан немесе танымға деген құштарлықтан емес, күйзелістен басталады деген Кьеркегор өмір сүрген адам азап шегу мен уайым-қайғыдан қашып құтыла алмайды, тіпті олар өмір сүруге қажетті нәрселер деп тұжырымдады. Кьеркегордың жетістігі – философиялық тұлғаға мән беруге ұмтылуында, ақыл-ойды тым әсірелеуді сынап, философияның міндеті – жеке адамның өмірін, сезімдерін зерттеу деп анықтауында.




# Психоанализ

XIX ғасырдың соңында психиатрия шеңберінде истерияны, невроздарды «катарсис», өзін-өзі тазарту методы ретінде пайда болып, кейінірек австриялық невропатолог Зигмунд Фрейд (1856-1939) адамның жанының тылсым байланыстары мен негіздерін зерттеуге бағытталған психологиялық доктринаға айналдырған ілім. З.Фрейд адам психикасы өзінің сипаты бойынша «саналыдан» ғана емес, «бейсаналыдан» және «саналының алдындағыдан» да тұратын компоненттерден құрылған белгісіз конгломерат екендігі туралы қорытындыға келді. Фрейд бейсаналыны факт, адам рухының саласы және адам қызметінің ажырамас бөлігі ретінде түсінді. Бейсана процестердің мәнін түсінуге тырысқан Фрейд бейсаналыны сараптай келіп, оның мынадай түрлерін бөліп көрсетеді. Біріншіден, жасырын, тылсым, латентті: бірдеңе туралы саналы түсінік, ол кейін осындай күйде қалмауы да, ал белгілі бір қолайлы жағдайларда қайтадан саналы болуы да мүмкін. Бұл түрді Фрейд сананың алдындағы деп атайды.


Екіншіден, шығарылып тасталған бейсаналы, оларға белгісіз күштер кедергі жасағандықтан саналы бола алмайтын түсініктер, осылар бейсаналы, немесе шығарылып тасталған бейсаналы деп аталады, оларға кедергі күштерді арнайы психоаналитикалық процедуралардың көмегімен ғана жоюға болады.




## Тұлғаның моделін Фрейд мынадай үш элементтен тұратын үлгіде жасайды:



«Ол» бейсана құштарлықтардың терең абаты. психикалық «өздік», әрекет етуші индивидтің негізі, тұлғаның басқа құрамдас бөліктерінің жұмыс жасау заңдарынан өзгеше өзіндік заңдарды басшылыққа алатын психикалық инстанция;



«Мен» (Ego) – саналылық саласы, адамның ішкі, бейсаналы дүниесі мен сыртқы реалдылықтың арасын жалғастырушы;



«Меннен Жоғары» (Super-ego) – ішкі тұлғалық ұят, қоғамдық қағидалар, моральдық цензура, бейсаналы мен саналының арасын жалғастырушы.

# Неопозитивизм. Позитивизм



**Позитивизм** – қазіргі заманғы таным теориясынын бағыты. Оның негізін қалаушы – француз философы Огюст Конт (1798-1857). Позитивистердің пікірінше, «болмыс», «материя», «сана» және т.б ұғымдарға, страктылық ойлауға сүйенетін дәстүрлі философия енді жарамсыз, бебі, тек тәжірибе немесе ғылыми эксперимент арқылы тексерілген позитивті, жағымды білім ғана ақиқат, нақты, жаратылыстану ғылымдарына математикаға жақын философия ғана ақиқат философия.



*Экзистенциализм өкілдері Къеркегор (1813-1855)  
Ницше (1844-1900) Франц Кафка (1883-1924)  
Достоевский (1821-1881)*

# *Неотомизм*

**Неотомизмнің басты қағидасы – сенім мен ақыл-ойдың, ғылым мен діннің гармониясы. Бұл ағымның өкілдерінің пікірінше, ақиқат философия рационализм мен иррационализмді қарсы қоюдан бас тартып, дүниені түсінудің әр түрлі тәсілдерін біріктіріп, универсалды мүмкіндіктерге шылуы қажет. Бірақ неотомистер құдайдан туындайтын сенімді жоғарырақ қояды.**

**Қазіргі заманғы неотомизм антропологиялық сипатқа ие, яғни адамға бағытталған. Құдайдың жаратушылық функциясы неотомизмде шектелген, ол адамды жаратушы болғанмен, өзін жүзеге асырушы. проектіден ішкі дүниесі, микрокосмы бай нақты тұлғаға айналдырушы, құдайдың ісін аяқтаушы еркін, өзін-өзі жетілдірген, құдай жаратқан космостың кішкене үлгісі адамның өзі.**

# *Неотомизмнің негізгі өкілдері:*



**П.Тейяр де Шарден**



**Э.Жильсон**



**Ж.Маритен**

# *Персонализм*

**Персонализм дін мен ғылымды байланыстырады**

**Неотомизм кейінгі кездерде терең дағдарысқа ұшырады. Ол өзінің алдына қойған міндеттерін ойдағыдай орындай алмайтындай дәрежеге жетті. Сол себепті діни философияның ішінен басқа философиялық ағымдар шыға бастады. Солардың бірі ретінде персонализм деген теистік антропологиялық ілім пайда болды. Ол XX ғасырдың 30-жылдарында ұсақ буржуазиялық топтардың қоғам өмірінде адамдық қатынастардың құлдырауына наразылық білдіруінің нәтижесі ретінде туды. Персонализм Англия мен Америкада кеңінен тарады. Оның өкілдері Х.У.Керр (1857-1931), Р.Т.Флюэллинг (1871-1960), Э.Ш.Брайтмен (1884-1953), В.Штерн (1871-1938) және т.б. Персоналистер адамды дүниенің субстанциясы санай отырып, оны екі түрғыдан талдайды: табиғаттан тыс, тәжірибеден тысқары, рухани түрғыда (адам-тұлға) және материалдық, тәжірибелік (жеке-дара адам) түрғыда. Адам — тұлға, өйткені ол өздігінше қызмет етсді, оның ерікті де ақыл-парасатты рухани бастамасы бар. Адам — тұлға, өйткені ол рухани болмыс ретінде өмір сүре алады. Мұның мәні сол, тұлға дін белгілеп берген адамдық белгілердің жиынтығын құрады — бұл адам денссінде әрекет ететін „жан“. Ал енді жеке адамға келсек, ол материяның өншейін жай бөлігі, оның психикалық тіршілігі бар, қоғамның жай бөлігі.**

# Постмодернизм

- **Постмодернизм – монизм философиясын терістеп, плюрализм философиясын, табиғат пен қоғамдағы көптік, сан түрлілік идеясын жария еткен, қазіргі заманғы мәдениеттің мазмұны, ойлаудың және ізденістің жаңа стилі көрініс тапқан философия. Негізгі өкілдері: орыс философтары Е.П.Блаватская (1831-1891), Д.Л.Андреев (1906-1959), Г.Г.Шпет (18 1940), француз философтары Поль Рикер (1913) және Жак Деррида (19 2004), американдық жазушы-философ Карлос Кастанеда (1925)**

# Постмодернизмнің негізгі тұжырымдары:

1) **Объективтілік  
реалдылық көп  
өлшемді, оның  
мәні мен  
формаларының  
арасындағы  
байланыс-  
қатынастарын  
ың сипаты сан  
түрлі  
қасиеттерге ие.**

2) **Онтологиял  
ық  
плюрализм  
мен  
гносеология  
лық  
плюрализм  
бірлігі.**

3) **Адамдардың  
араласуындағы  
монологиялық  
текст-  
мәтіндердің  
орнын  
сұхбаттасу,  
үйренушілер мен  
үйретушілердің  
бір- біріне өзара  
әсері.**



# *Экзистенциализм*

**XX ғасырдың орта шенінде Батыста ең кең тараған субъективтік-идеалистік философияның бірінен саналады. Экзистенциализм капитализмнің жалпы дағдарысының идеологиялық бейнеленуінің бір формасы болып табылады.**

**Оның ірі өкілдері М.Хайдеггер (1889-1976), К.Ясперс (1883-1969), Г.Марсель (1889-1973), Ж.Л.Сартр (1905-1980), А.Камю (1913-1960) және басқалар. Экзистенциализм, немесе „өмір сүру философиясы“, буржуазиялық философияның иррационалистік (адамның ақыл-ойының күшін жоққа шығаратын) бағыттарының бірінен саналады.**

**„Экзистенция“ ұғымы (латынша *exīstēntiā* — өмір сүру дегенді білдіреді) экзистенциализмде ерекше рөл атқарады, оның барлық философиялық қағидаларының бастапқы негізін тұрады.**


# *Экзистенциализмнің ірі өкілдері:*



**А. Камю (1913-1960)**



**К. Ясперс (1883-1969)**



**М. Хайдеггер (1889-1976)**

# Людвиг Витгенштейн

**Людвиг Витгенштейн** (1889-1951) - австриялық философ және логик, аналитикалық философияны құрушының бірі. «Логика-философиялық трактат» еңбегінде тіл логикасында ойды айтудың тегін қарастырады. Ол тілді, әлемді бейнелеу ретінде сипаттады. Дегенмен Витгенштейн тілдің нақты әлеуметтік байланыстар шеңберінде белгілі бір міндеттерге қатысты жұмыс істейтін құрал ретінде сипаттады. Нақты әлеуметтік байланыстардағы әлеуметтік факторлардың құндылықтары мен түсініктерін түсінудің маңызын көрсетті.

Негізгі еңбегі: "Философские исследования".



# Қорытынды

- Философиялық ой-пікірдің Ресейде дүниеге келуі XI ғ. басталып, негізінен, христиандық дінді қабылдаумен байланысты болды. Осы уақыттан бастап Ресейдің ойшылдары өз мемлекеттерінің Құдай нұрының шапағатына қатысты екенін негіздей бастады. Алғашында ойшылдардың ой өрісі адамның жүріс-тұрысын ретке келтіретін мақал-мәтел, нақыл сөздерге, соңынан православие дінінің бүкіл адамзат цивилизациясының дамуындағы ерекше орыны негіздеуге бағытталды.

# Қолданылған әдебиеттер

- Ғабитов Т.Х. Философия оқулық. Алматы 2002 жыл
- Сыдықов Қ. Философия Алматы 2001 жыл
- [Кішібеков](#) Д. Философия Алматы 1998 жыл.
- Тұрғынбаев қ. Философия Алматы 2001 жыл